

Қазақстай Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 қарашадағы N 1092 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 27 желтоқсандағы N 1294 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 676 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 676 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 қарашадағы N 1092 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 39, 556-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) өтініш берушілерге нысаны осы қаулымен бекітілген, он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақыны тағайындауға арналған өтініш бланкілерінің, сондай-ақ Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу ережесіне 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес мәліметтердің тегін берілуін қамтамасыз етсін;"

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу ережесінде:

9-тармақтағы "құжаттардың көшірмелерін куәландырады" деген сөздер "көшірмелерді түпнұсқалармен салыстырып тексереді," деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақтағы бірінші абзацындағы "бес" деген сөз "он" деген сөзбен ауыстырылсын;

17-тармақтың бірінші абзацындағы "өткен" деген сөз "ағымдағы" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 17-1-тармақпен толықтырылсын:

"17-1. Айлық есептік көрсеткіштің мөлшері өзгерген жағдайда, уәкілетті ұйым осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысандағы шешімнің жобасын дайындайды және тағайындалған жәрдемақылар мөлшерінің өзгергенін ескере отырып, оны бала туғанда берілетін және бала күтімі жөніндегі жәрдемақыларды

тағайындау жөніндегі уәкілетті органға бекітуге жібереді.

Бала туғанда берілетін және бала күтімі жөніндегі жәрдемақыларды тағайындау жөніндегі уәкілетті орган шешім жобаларын он жұмыс күні ішінде қарайды және бекітеді әрі уәкілетті ұйымға жібереді.";

26-тармақтың екінші абзацындағы "Құжаттарды қоса бере отырып," деген сөздер "Қажетті барлық құжаттарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 9 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Бала туғанда берілетін және бала күтімі жөніндегі жәрдемақыларды тағайындау жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде істі қалыптастырады және балаларға жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.";

Ережеге 3-қосымшадағы "растауға" деген сөз "қол қоюға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

Ережеге 4-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Балаларға арналған жәрдемақы алуға үміткер отбасының жиынтық табысын есептеу ережесінде:

1 2 - т а р м а қ т а :

7) тармақшаның екінші абзацындағы "пайдаланылмаса," деген сөзден кейін " осы факті анықталған тоқсандағы" деген сөздермен толықтырылсын;

14) тармақшаның алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тегін тамақтандыру мен білім беру ұйымдарында білім беру туралы заңнамаға сәйкес көрсетілетін көмек;" ;

мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:

"15) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі заңнамалық кесімдермен о р а л м а н д а р ғ а :

тұрақты тұратын жеріне жол жүру және мүлкін жеткізу (оның ішінде малын) жөніндегі шығыстарды өтеуге ;

келген жерінде тұрғын үй сатып алуға және біржолғы жәрдемақы төлеуге көзделген қаражат." ;

18-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен берілетін әлеуметтік төлемдер түрінде табыс алуы зейнетақы немесе жәрдемақы алушы куәлігінің көшірмесімен не Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың бөлімшелері беретін анықтамамен расталады." ;

24-тармақтың 2) тармақшасында :

"туралы" деген сөзден кейін "сот орындаушысының немесе" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"түзеу мекемесінің" деген сөздерден кейін "бас еркінен айыру орындарында не уақытша ұстау изоляторында болу кезеңі көрсетілген" деген сөздермен толықтырылсын;

29-тармақтағы "растаған" деген сөз "қол қойған" деген сөзбен ауыстырылсын;

Балаларға арналған жәрдемақы алуға үміткер отбасының жиынтық табысын есептеу ережесіне 4-қосымшада:

"мал шаруашылығының өнімі" деген кестеде:

"Түйе (түйе еті)" деген жолдың 2-бағанында "1140" деген сандар "140" деген сандармен ауыстырылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген бала туғанда берілетін жәрдемақы және (немесе) бір жасқа толғанға дейін бала күтімі жөніндегі жәрдемақы тағайындау үшін берілетін өтініштің нысаны осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1294 қаулысына

1-қосымша

Балалы отбасыларға берілетін
мемлекеттік жәрдемақыларды
тағайындау және төлеу ережесіне
4-қосымша

Бала туғанда берілетін жәрдемақы, күтімі жөніндегі жәрдемақыны тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы

ШЕШІМ

N _____ 200__жылғы "___" _____
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің _____ облысы (қаласы)
бойынша департаменті
Істің N _____

Азамат _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Өтініш берілген күн _____

Баланың туған күні _____ баланың туу туралы куәлігінің N _____
берілген күні _____ Баланың туу туралы куәлігін берген
органның атауы _____

Баланың ТАӘ _____ баланың туу кезектілігі
_____ (жазумен)

Т а ғ а й ы н д а л ғ а н с о м а :
бала туғанда берілетін жәрдемақы _____ теңге _____
(жазумен)

күтімі жөніндегі жәрдемақы 200__ ж. _____ бастап 200__ ж. __ дейін
_____ теңге сомасында _____
(жазумен)

Айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты күтімі жөніндегі
жәрдемақыны тағайындау: _____

Баланың ТАӘ _____

күтімі жөніндегі жәрдемақы _____ бастап _____ дейін
_____ теңге сомасында _____
(ж а з у м е н)

_____ себеп бойынша тағайындаудан бас тартылды

М . О .
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
департаментінің директоры _____
(қолы) (тегі)

зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау
жөніндегі бөлімнің бастығы _____
(қолы) (тегі)

тағайындау жөніндегі маман _____
(қолы) (тегі)

Шешімнің жобасы әзірленді:

М.О.
ЗТМО бөлімшесінің бастығы _____
(қолы) (тегі)

ЗТМО бөлімшесінің маманы _____
(қолы) (тегі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2006 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1294 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 2 қарашадағы
N 1092 қаулысымен
бекітілген

**Бала туғанда берілетін жәрдемақы және (немесе) бір жасқа толғанға дейін
бала күтімі жөніндегі жәрдемақы тағайындау үшін өтініш нысаны**

Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау департаментінің

директоры _____

ӨТІНІШ

_____ (баланың тегі, аты, туған күні) бала
тууға байланысты берілетін жәрдемақы және (немесе) 1 жасқа толғанға
дейін бала күтімі жөніндегі жәрдемақы тағайындауды өтінемін
Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Мекен-жайы _____

Отбасының құрамында _____ адам, отбасы құрамы туралы мәліметтерді
қ о с а б е р і п о т ы р м ы н

Жеке басын куәландыратын құжаттың түрі _____

Сериясы _____ нөмірі _____ кім берген _____

ӘЖК _____ СТН _____

Жеке шотының нөмірі _____ Банктің атауы _____

Өзгерістер туындаған жағдайда олар туралы 15 күн ішінде хабарлауға
м і н д е т т е н е м і н .

Жалған мәліметтер мен жасанды құжаттар бергені үшін жауапкершілік
туралы ескертілді.

200__жылғы "_____" _____

(өтініш иесінің қолы)

Ө т і н і ш қ а б ы л д а н д ы :

200__жылғы "____"_____

(құжатты қабылдаған адамның Т.А.Ә. және қолы)

(қию сызығы)

Өзгерістер туындаған жағдайда олар туралы 15 күн ішінде хабарлауға м і н д е т т е н е м і н .

Жалған мәліметтер мен жасанды құжаттар бергені үшін жауапкершілік т у р а л ы е с к е р т і л д і .

Қоса берілген құжаттармен азамат _____ өтініші

_____ данада 200__ж. "____"_____ қабылданды.

_____ қолы (құжатты қабылдаған адамның Т.А.Ә. және қолы)